| **Сейсенбі: 02.12.25.**<br>**«Гүл» мектепалды** | **«Алақай, қыс келді»**<br>Табиғаттағы қысқы маусымдық өзгерістерді таныту және атау, қыс қызықтарын ұйымдастыру.<br>**Кіріспе бөлімі**: «Көңіл ашар» күйімен кіреді. Амандасу.Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>**Музыка тыңдау**: «Қыс» әні.Б. Жүсібалиева. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>**Ән айту:** «Бүгін қай күн» әні: С.Мухамеджанов, сөзі Ш.Мухамеджанов. Әннің әдеби мазмұнын ұғындыру. Ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алуды үйрету.<br>**Муз – ырғақты қимыл:** «Ойын» А.Омаров. тез қимылдау дағдысы дамиды. Жүрелеп отыру,жүрелеп отырып жүру қимылдары.<br>**Би:** «Ұлпақарлар» биі. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Ксилофон аспабымен таныстыру.<br>**Ойын**: «Қолғап» балалардың тез қимылдау дағдыларын дамыту. |
| **Сейсенбі:02.12.25.**<br>**«Шуақ» ортаңғы тобы** | **«Алақай, қыс келді»**<br>**Кіріспе бөлімі:** «Көңіл ашар» күйімен кіреді. Шеңберге тұрады. Көңілді амандасу жаттығуы.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>**Муз – ырғақты қимыл**: «Қай аспапта ойнаймын» Т.Сарыбаева, Г.Абдрахманова. Заттар мен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір –бірден және жұппен ырғақты қимылдар орындау.<br>**Музыка тыңдау**: «Шамшырақтар» А.Матмен. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, барабан,маракас) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>**Ән айту:** «Қар жауып тұр далада» Ә.Қоңысбеков, Ұ.Қоңысбеков. Әнді созып айтуға үйрету.<br>**Қорытынды бөлімі:**<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Қоңырау аспабының дыбысталуымен танысады.<br>**Ойын**: «Аққала жасаймыз» Ойын арқылы балалардың шапшаңдық пен ептілік қабілеттері дамиды. |

| | |
|---|---|
| **Бейсенбі:04.12.25.**<br>**«Ай» кіші тобы** | **«Алакай қыс келді»**<br>**Кіріспе бөлімі:**Саппен шеңбер бойымен маршпен жүру.Амандасу.Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>**Музыка тыңдау:** «Аппақ қар» **:** Әннің мағынасын түсіндіру, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын тыңдату.<br>**Ән айту**: «Ақ қоян» әні . Әуенді интонациямен айту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қорытынды бөлімі:**<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар**: «Қаршақызбен балалар» сөзі мен музыкасы: Г. Абдрахманова. денені оңға,солға бұру,басты оңға.солға ию,қолдарды сермеу. |
| **Жұма:05.12.25.**<br>**«Гүл» ересек тобы** | **«Алақай, қыс келді»**<br>**Кіріспе бөлімі**: «Көңіл ашар» күйімен кіреді . Амандасу.Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>**Музыка тыңдау:** «Мерекелік марш» И.Леви. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (баяу,жылдам)<br>**Ән айту**: «Аппақ қар» К.Қуатбаев. Әуенді таза анық айтуға үйрету.<br>**Муз – ырғақты қимыл:** «Вальс снежинок» П.И.Чайковский. Музыканың ырғағын нақты бере отырып,қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.<br>**Би:** «Ұлпақарлар»биі. Жұппен би қимылдарын орындау.Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Асатаяқ аспабымен таныстыру.<br>**Ойын**: «Шана» Әуенмен қимылдар жасап жүреді,берілген тапсырмаларды орындайды. |
| **Жұма:05.12.25.**<br>**«Гүл» мектепалды** | **«Алақай, қыс келді»**<br>Табиғаттағы қысқы маусымдық өзгерістерді таныту және атау, қыс қызықтарын ұйымдастыру.<br>**Кіріспе бөлімі**: «Көңіл ашар» күйімен кіреді. Амандасу.Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>**Музыка тыңдау**: «Қыс» әні.Б. Жүсібалиева. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>**Ән айту:** «Бүгін қай күн» әні: С.Мухамеджанов, сөзі Ш.Мухамеджанов. Әннің әдеби мазмұнын ұғындыру. Ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алуды үйрету.<br>**Муз – ырғақты қимыл:** «Ойын» А.Омаров. тез қимылдау дағдысы дамиды. Жүрелеп отыру,жүрелеп отырып жүру қимылдары.<br>**Би:** «Ұлпақарлар» биі. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Ксилофон аспабымен таныстыру.<br>**Ойын**: «Қолғап» балалардың тез қимылдау дағдыларын дамыту. |

Келісемін:
бөбекжай әдіскері

**« Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Мектепке дейінгі ұйым:**
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 08.12 - 12.12.2025ж.
**Музыка жетекшісі:**

«Ақыл,қайрат,жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласын елден ерек» (Абай)

| | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Танертеңгілік жаттығу** | 8:40- «Әнұран» «Менің Қазақстаным» | 8:10- «Ай»<br>8:20- «Шуақ»<br>8:30- «Гүл» | 8:10- «Ай»<br>8:20- «Шуақ»<br>8:30- «Гүл» | 8:10- «Ай»<br>8:20- «Шуақ»<br>8:30- «Гүл» | 8:10- «Ай»<br>8:20- «Шуақ»<br>8:30- «Гүл» |
| **Баламен жеке жұмыс** | **«Ай» кіші тобы**<br>Ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады) | | | | |
| | **«Гүл» ересектер тобы**<br>әнді созып, сөздерін анық айтады, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды | | | | |
| | **«Гүл» мектепалды тобы**<br>Таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды | | | | |
| | **«Шуақ» ортаңғы тобы**<br>әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды | | | | |
| **Ата –аналар мен тәрбиешілерге кеңес беру** | Жаңа жылдық кейіпкерлер рөлдерін беру.Жаңа жылдық шыршаға арналған костюмдер дайындау. | | | | |

| | |
|---|---|
| **Өнегелі 15 минут** | «Көк тудың желбірегені» Тәуелсіздік күніне орай ән айту : «Шуақ»тобы «Балдырғандар әні», «Гүл» тобы «Нұрын төккен күндейміз» бейнеконтен түсіру. |
| **Сейсенбі: 09.12.25.**<br>**«Гүл» ересек тобы** | «Отаным, тірегім»<br>**Кіріспе бөлімі**: «Адай» күйімен саппен шеңбер бойымен адымдап жүру. Би элементтерін жасап айнала жүру. Амандасу. Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:** Тәуелсіздік тақырыбына арналған видеослайд тамашалау. Еліміз ешкімге бағынбайтын-тәуелсіз мемлекет .Өз рәміздеріміз,ата заңымыз бар.Еліміздің көк туын биік ұстау біздің міндетіміз.<br>**Музыка тыңдау**: «Көк тудың желбірегені» Әуен ырғағы баяу. Мақтаныш сезімін оятатындай жігерлі, нық орындалып тұр.<br>**Ән айту**: «Тәуелсіздік ұраны» Д.Омаров – Әннің ырғағы қандай? -Ән не туралы? Әуенді таза және сөздерді анық айтуға дағдыландыру.<br>**Ырғақты қимыл**: « Қазақ маршы» (А.Затаевич) Әуен арқылы марш ырғағымен жүріп, қимылдарды музыкамен сәйкестендіру.<br>**Қорытынды бөлім**: Ойын: «Тақия тастамақ» сөздерін музыкаға ілесіп бірге айтуға,ойын шартын дұрыс орындауын қадағалау.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау**: Асатаяқ аспабының үнін тыңдату. |
| **Сейсенбі: 09.12.25.**<br>**«Гүл» мектепалды** | «Отаным, тірегім»<br>**Кіріспе бөлімі**: «Адай» күйінің ырғағымен адымдап залды айнала жүру. Әуендете амандасу. Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:** Қазақстан республикасының қандай рәміздері бар? Мемлекеттік әнұранның композиторы кім?<br>**Музыка тыңдау** :«Қазақстан Республикасының Гимні» Ш.Қалдаяқов. Гимн қалай орындалынады ?<br>**Ән айту:** «Елтаңбасы елімнің» -Әннің әдеби мазмұны не туралы? Ырғағы қандай?<br>**Ырғақты қимыл:** «Биге шақыру». (А.Тоқсанбаев) -Би элементтерін бірге өз беттерінше синхронды түрде қайталайды.<br>**Қорытынды бөлімі:** Д/о:«Жұбыңды тап» Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін қайталап орындайды.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Ксилофон аспабымен таныстыру. |
| **Сейсенбі:09.12.25.**<br>**«Шуақ» ортаңғы тобы** | «Отаным, тірегім»<br>**Кіріспе бөлімі**: «Адай» күйіне саппен шеңбер бойымен адымдап жүру. Амандасу. Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі**:<br>**Музыка тыңдау** : «Көк тудың желбірегені» А.Жүнісов. -Әуенді тыңдау. Көрнекіліктермен жұмыстану.<br>**Ән айту**: «Отан» А.Асылбек. -Ән не туралы? Сөзін менімен бірге қайталап көріңдерші.<br>**Ырғақты қимыл:**« Марш» (сылдырмақтармен сүйемелдеу) - Саппен адымдап жүреміз.<br>**Қорытынды бөлімі:** Д\о: «Көңілді шарлар» Ойын шартын түсіндіріп игерту .Орындарын ажыратуға дағдыландыру.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** қоңырау аспабының дыбысталуын тыңдату. |
| **Бейсенбі:11.12.25.**<br>**«Ай» кіші тобы** | «Отаным, тірегім»<br>Кіріспе бөлімі: Балалар маршпен адымдап кіреді. Шеңберге тұрады. Амандасу.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>**Музыка тыңдау:** «Топ –топ, балақан» әні: М. Арынбаев. Музыкалық шығармалардың дыбысталу ерекшеліктерін (Баяу және көңілді әндер) ажырата білуге үйрету. |

| | |
|---|---|
| | **Ән айту:** «Топ –топ, балақан» әні: М. Арынбаев. Әнді жеке және топпен айтып үйрету.<br>**Қорытынды бөлімі:**<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**: «Бала, бала, балапан» И.Нүсіпбаев, Ж.Смаков. Жүрелеп отыру,аяқтарын қозғау,айналу қимылдарын орындау. |
| **Жұма:12.12.25.**<br>**«Гүл» ересек тобы** | «Отаным, тірегім»<br>**Кіріспе бөлімі**: «Адай» күйімен саппен шеңбер бойымен адымдап жүру. Би элементтерін жасап айнала жүру. Амандасу. Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:** Тәуелсіздік тақырыбына арналған видеослайд тамашалау. Еліміз ешкімге бағынбайтын-тәуелсіз мемлекет. Өз рәміздеріміз,ата заңымыз бар.Еліміздің көк туын биік ұстау біздің міндетіміз.<br>**Музыка тыңдау**: «Көк тудың желбірегені» Әуен ырғағы баяу. Мақтаныш сезімін оятатындай жігерлі, нық орындалып тұр.<br>**Ән айту**: «Тәуелсіздік ұраны» Д.Омаров – Әннің ырғағы қандай? -Ән не туралы? Әуенді таза және сөздерді анық айтуға дағдыландыру.<br>**Ырғақты қимыл**: « Қазақ маршы» (А.Затаевич) Әуен арқылы марш ырғағымен жүріп, қимылдарды музыкамен сәйкестендіру.<br>**Қорытынды бөлім**: Ойын: «Тақия тастамақ» сөздерін музыкаға ілесіп бірге айтуға,ойын шартын дұрыс орындауын қадағалау.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау**: Асатаяқ аспабының үнін тыңдату. |
| **Жұма:12.12.25.**<br>**«Гүл» мектепалды** | «Отаным, тірегім»<br>**Кіріспе бөлімі**: «Адай» күйінің ырғағымен адымдап залды айнала жүру. Әуендете амандасу. Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:** Қазақстан республикасының қандай рәміздері бар? Мемлекеттік әнұранның композиторы кім?<br>**Музыка тыңдау** :«Қазақстан Республикасының Гимні» Ш.Қалдаяқов. Гимн қалай орындалынады ?<br>**Ән айту:** «Елтаңбасы елімнің» -Әннің әдеби мазмұны не туралы? Ырғағы қандай?<br>**Ырғақты қимыл:** «Биге шақыру». (А.Тоқсанбаев) -Би элементтерін бірге өз беттерінше синхронды түрде қайталайды.<br>**Қорытынды бөлімі:** Д/о:«Жұбыңды тап» Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін қайталап орындайды.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Ксилофон аспабымен таныстыру. |

Келісемін:
бөбекжай әдіскері ____

**« Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Мектепке дейінгі ұйым:**
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 15.12 - 19.12.2025ж.
**Музыка жетекшісі:**

«Ынтымақ түбі - бірлік»

| | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгілік жаттығу** | 8:40- «Әнұран» «Менің Қазақстаным» | 8:10- «Ай»<br>8:20- «Шуақ»<br>8:30- «Гүл» | 8:10- «Ай»<br>8:20- «Шуақ»<br>8:30- «Гүл» | 8:10- «Ай»<br>8:20- «Шуақ»<br>8:30- «Гүл» | 8:10- «Ай»<br>8:20- «Шуақ»<br>8:30- «Гүл» |
| **Баламен жеке жұмыс** | **«Ай» кіші тобы**<br>Ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады) | | | | |
| | **«Гүл» ересектер тобы**<br>әнді созып, сөздерін анық айтады, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды | | | | |
| | **«Гүл» мектепалды тобы**<br>Таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды | | | | |
| | **«Шуақ» ортаңғы тобы**<br>әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды | | | | |
| **Ата –аналар мен тәрбиешілерге кеңес беру**<br><br>**Өнегелі 15 минут** | Жаңа жылдық кейіпкерлер рөлдерін беру.Жаңа жылдық шыршаға арналған костюмдер дайындау.<br><br>Жаңа жылға арналған қолөнер жасау.Барлық топтар. | | | | |

| | |
|---|---|
| **Бейсенбі:18.12.25.**<br>**«Ай» кіші тобы** | **«Шырша»**<br>**Кіріспе бөлімі:**Саппен шеңбер бойымен маршпен жүру.Амандасу.Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>**Музыка тыңдау:** «Жасыл шырша» әні: К.Қуатбаев сөзі: К.Шалкаров. қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын тыңдату.<br>**Ән айту**: «Мерекеге келдік» Әуенді интонациямен айту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қорытынды бөлімі:**<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар**: «Бөбектер биі» әні: К.Қуатбаев. Басты оңға,солға ию,колдарды сермеу қимылдарын үйрету. |
| **Жұма:19.12.25.**<br>**«Гүл» ересек тобы** | **«Шырша»**<br>**Кіріспе бөлімі**: «Балбырауын» күйімен кіреді. Амандасу.Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>**Музыка тыңдау:** «Шырша» әні К.Қуатбаев, Ж, Смақов. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (баяу,жылдам)<br>**Ән айту**: «Жаңа жыл» әні Б.Бисенова. Әуенді таза анық айтуға үйрету.<br>**Муз – ырғақты қимыл:** «Кел билейік» Б.Байқадамов, М. Әлімбаев. Музыканың ырғағын нақты бере отырып,қос аякпен еркін және жеңіл секіру.<br>**Билер:** «Аққала» биі. Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Жұппен би қимылдарын орындау.Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау**: Көңілді оркестр. Асатаяқ аспабында ойнату.<br>**Ойын**: «1,2,3 жаңа жыл» музыкалық қимылды ойыны.Би қимылдарын қайталап жасайды. |
| **Жұма:19.12.25.**<br>**«Гүл» мектепалды** | **«Шырша»**<br>**Кіріспе бөлімі**: «Балбырауын» күйімен саппен шеңбер жүреді. Амандасу.Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>**Музыка тыңдау**: «Үш көңіл күй» әні: Г. Левкодимов. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>**Ән айту:** «Шырша жыры» Б.Бисенова. Әннің әдеби мазмұнын ұғындыру, фразалар арасында тыныс алуды үйрету.<br>**Муз – ырғақты қимыл:** «Марш» П.Чайковский. : Жүрелеп отыру,жүрелеп отырып жүру қимылдары.<br>**Билер:** «Аққала» биі. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Ксилофон аспабында «Джингл бенс» әуенін ойнау.<br>**Ойын** : «Үсіремін» музыкалық ойын.Әуен сөздеріне сай қимылдар жасап, аяздан тығылады. |

Келісемін:
бөбекжай әдіскері ____________

**« Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Мектепке дейінгі ұйым:**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 22.12 - 26.12.2025ж.
**Музыка жетекшісі:**

«Ұлтына,жұртына қызмет қылу- білімнен емес,мінезден» (Әлихан Бөкейханов)

| | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгілік жаттығу** | 8:40- «Әнұран» «Менің Қазакстаным» | 8:10- «Ай»<br>8:20- «Шуақ»<br>8:30- «Гүл» | 8:10- «Ай»<br>8:20- «Шуақ»<br>8:30- «Гүл» | 8:10- «Ай»<br>8:20- «Шуақ»<br>8:30- «Гүл» | 8:10- «Ай»<br>8:20- «Шуақ»<br>8:30- «Гүл» |
| **Баламен жеке жұмыс** | **«Ай» кіші тобы**<br>Ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады) | | | | |
| | **«Гүл» ересектер тобы**<br>әнді созып, сөздерін анық айтады, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды | | | | |
| | **«Гүл» мектепалды тобы**<br>Таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды | | | | |
| | **«Шуақ» ортаңғы тобы**<br>әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды | | | | |
| **Ата –аналар мен тәрбиешілерге кеңес беру**<br><br>**Өнегелі 15 минут** | Жаңа жылдық кейіпкерлер рөлдерін беру.Жаңа жылдық шыршаға арналған костюмдер дайындау.<br><br>Ойды жеткізу: Балаға өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік беріңіз.Оның әр айтқанын мұқият тыңдап,пікірін құрметтеңіз. Мектепалды топ ата-аналарына кеңес. | | | | |

| | |
|---|---|
| **Сейсенбі: 23.12.25.**<br>**«Гүл» ересек тобы** | **«Аяз ата,Ақшақар»**<br>**Кіріспе бөлімі**: Н.Тілендиевтің «Әлқиса» күйімен кіреді. Амандасу.Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>**Музыка тыңдау:** «Зима» П.Чайковский. Әннің мазмұнын түсіндіру. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (баяу,жылдам)<br>**Ән айту**: «Қарша қыз» К.Қуатбаев. Әуенді таза анық айтуға үйрету.<br>**Муз – ырғақты қимыл:** «Көңілді полька» И.Штраус. Музыканың ырғағын нақты бере отырып,қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.<br>**Би:** «Ұлпақарлар»биі. Жұппен би қимылдарын орындау.Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Асатаяқ аспабында ойнау.<br>**Ойын**: «Бұғы мен қоян » екы ойыншы шығып бұғы мен қоян қимылдарын жасап көрсетеді,балалар кезектесіп ойнайды. |
| **Сейсенбі: 23.12.25.**<br>**«Гүл» мектепалды тобы** | **«Аяз ата,Ақшақар»**<br>**Кіріспе бөлімі**: Н.Тілендиевтің «Әлқиса» күйімен кіреді. Амандасу.Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>**Музыка тыңдау**: «Зима» П.Чайковский. Әннің мазмұнын түсіндіру. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>**Ән айту**: «Келді міне,Жаңа жыл!» Б.Бисенова. Ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алуды үйрету.<br>**Муз – ырғақты қимыл:** «Вальс» П.Чайковский. Жүрелеп отыру,жүрелеп отырып жүру қимылдары.<br>**Би:** «Жаңа жыл келді»жұппен би. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Ксилофон аспабында ойнау.<br>**Ойын**: «Зырлайды шанамыз» музыкалық ойын. |
| **Сейсенбі: 23.12.25.**<br>**«Шуақ» ортаңғы тобы** | **«Аяз ата,Ақшақар»**<br>**Кіріспе бөлімі:** Н.Тілендиевтің «Әлқиса» күйімен кіреді. Шеңберге тұрады. Көңілді амандасу жаттығуы.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>**Муз – ырғақты қимыл**: «Қосарланып билеу» литваның халық әні. Заттар мен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір –бірден және жұппен ырғақты қимылдар орындау.<br>**Музыка тыңдау**: «Полька» Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, барабан,маракас) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>**Ән айту:** «Аяз ата» Ө.Байділдаев, Н.Айтов. Әнді созып айтуға үйрету.<br>**Қорытынды бөлімі:**<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Қоңырау аспабында ойнау.<br>**Ойын**: «Жаңа жылдық паровоз» музыкалық қимылды ойын. |
| **Бейсенбі:25.12.25.**<br>**«Ай» кіші тобы** | **«Аяз ата,Ақшақар»**<br>**Кіріспе бөлімі:**Саппен шеңбер бойымен маршпен жүру.Амандасу.Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>**Музыка тыңдау:** Музыканы тыңдайды «Аппақ қар» Әннің мағынасын түсіндіру, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын тыңдату. |

| | |
|---|---|
| | **Ән айту**: «Аяз ата мен балалар» әні мен сөзі: Г.Абдрахманова. Әуенді интонациямен айту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қорытынды бөлімі:**<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар**: «Қаршақызбен балалар» сөзі мен музыкасы: Г. Абдрахманова. денені оңға,солға бұру,басты оңға,солға ию,қолдарды сермеу. |
| **Жұма:26.12.25.**<br>**«Гүл» ересек тобы** | **«Аяз ата,Ақшақар»**<br>**Кіріспе бөлімі**: Н.Тілендиевтің «Әлқиса» күйімен кіреді. Амандасу.Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>**Музыка тыңдау:** «Зима» П.Чайковский. Әннің мазмұнын түсіндіру. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (баяу,жылдам)<br>**Ән айту**: «Қарша қыз» К.Қуатбаев. Әуенді таза анық айтуға үйрету.<br>**Муз – ырғақты қимыл:** «Көңілді полька» И.Штраус. Музыканың ырғағын нақты бере отырып,қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.<br>**Би:** «Үлпақарлар»биі. Жұппен би қимылдарын орындау.Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Асатаяқ аспабында ойнау.<br>**Ойын**: «Бұғы мен қоян » екі ойыншы шығып бұғы мен қоян қимылдарын жасап көрсетеді,балалар кезектесіп ойнайды. |
| **Жұма:26.12.25.**<br>**«Гүл» мектепалды** | **«Аяз ата,Ақшақар»**<br>**Кіріспе бөлімі**: Н.Тілендиевтің «Әлқиса» күйімен кіреді. Амандасу.Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>**Музыка тыңдау**: «Зима» П.Чайковский. Әннің мазмұнын түсіндіру. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>**Ән айту**: «Келді міне,Жаңа жыл!» Б.Бисенова. Ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алуды үйрету.<br>**Муз – ырғақты қимыл:** «Вальс» П.Чайковский. Жүрелеп отыру,жүрелеп отырып жүру қимылдары.<br>**Би:** «Жаңа жыл келді»жұппен би. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Ксилофон аспабында ойнау.<br>**Ойын**: «Зырлайды шанамыз» музыкалық ойын. |

Келісемін:
бөбекжай әдіскері ________

**« Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Мектепке дейінгі ұйым:**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 29,30,31.12.2025ж.
**Музыка жетекшісі:**

«Ұлтына қызмет қылу- білімнен емес,мінезден» (Әлихан Бөкейханов)

| | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгілік жаттығу** | 8:40- «Әнұран» «Менің Қазақстаным» | 8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл» | 8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл» | 8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл» | 8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл» |
| **Баламен жеке жұмыс** | **«Ай» кіші тобы**<br>Ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады) | | | | |
| | **«Гүл» ересектер тобы**<br>әнді созып, сөздерін анық айтады, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды | | | | |
| | **«Гүл» мектепалды тобы**<br>Таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды | | | | |
| | **«Шуақ» ортаңғы тобы**<br>әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды | | | | |
| **Ата –аналар мен тәрбиешілерге кеңес беру** | Жаңа жылдық кейіпкерлер рөлдерін беру.Жаңа жылдық шыршаға арналған костюмдер дайындау. | | | | |
| **Өнегелі 15 минут** | «Өнегелі 15 минут айдары» бейнеконтент түсіру. Тақырыбы : «Бақытты отбасы» барлық топтар. | | | | |

| | |
|---|---|
| **Сейсенбі: 30.12.25.**<br>**«Гүл» ересек тобы** | **«Қош келдің,Жаңа жыл!»**<br>**Кіріспе бөлімі**: «Балбырауын» күйімен саппен шеңбер бойымен жүру. Амандасу.Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>**Музыка тыңдау:** «Зима» П.Чайковский.( жалғастыру) Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (баяу,жылдам)<br>**Ән айту**: «Жаңа жылды тойлаймыз» Н.Оразбаева. Әуенді таза анық айтуға үйрету.<br>**Муз – ырғақты қимыл:** «Көңілді полька» И.Штраус. Музыканың ырғағын нақты бере отырып,қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.<br>**Би:** «Қоңырауларимен би» Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Асатаяқ аспабында ойнау.<br>**Ойын:** «Қысқы мүсіндер» ырғаққа сай мүсіндер жасайды.Ойлау қабілеттерін арттыру. |
| **Сейсенбі: 30.12.25.**<br>**«Гүл» мектепалды тобы** | **«Қош келдің,Жаңа жыл!»**<br>**Кіріспе бөлімі**: «Балбырауын» күйімен саппен шеңбер жасап жүру. Амандасу.Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>**Музыка тыңдау**: «Рондо-марш» әні.Д.Кабалевский. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>**Ән айту**: «Келді міне,Жаңа жыл!» Б.Бисенова. Ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алуды үйрету.<br>**Муз – ырғақты қимыл:** «Экозес» Ф.Шуберт. Жүрелеп отыру,жүрелеп отырып жүру қимылдары.<br>**Би:** «Қоңырауларимен би» Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Ксилофон аспабында ойнау.<br>**Ойын:** «Ақ қар» ойыны. Балалар өз бетінше әуенге сай би қимылдарын еркін жасап үйренеді. |
| **Сейсенбі: 30.12.25.**<br>**«Шуақ» ортаңғы тобы** | **«Қош келдің, Жаңа жыл!»**<br>**Кіріспе бөлімі:** Балалар маршпен адымдап кіреді. Шеңберге тұрады. Амандасу.<br>**Муз – ырғақты қимыл:** Заттар мен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір –бірден және жұппен ырғақты қимылдар орындау.<br>**Музыка тыңдау:** «Құтты болсын, жаңа жыл!» әнін тыңдау. Маракас аспабының дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>**Ән айту:** «Жаңа жыл» әнімен танысып, мәтінін үйренеді. Әнді созып айтуға үйрету.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Қоңырауларимен оркестрде ойнауды үйренеді. |